Биылғы қаңтар айы облыс әкімдері үшін өте қиын болғанына қарамастан, Шығыс Қазақстан облысы басшысының жұмысын сауалнамаға жауап бергендер жоғары бағалаған, ал БАҚ пен танымал блогерлердің риторикасы да айтарлықтай дәрежеде оң сипатта болған.

Дереккөздің пікірінше, Даниал Ахметовтің жоғары рейтингтеріне бірқатар объективті факторлар ықпал еткен. Ең бастысы – экономиканы әртараптандыру жоспарларын табысты іске асыру. Өткен жылдың қорытындысы бойынша өңірде 11 ірі жоба пайдалануға берілді, олардың басым бөлігі өңдеу өнеркәсібіне тиесілі. Жаңартылатын және баламалы энергия көздерін дамыту белсенді іске асырылуда. Аймақта Тұрғысын ГЭС-і және алты жел электр станциясы сәтті іске қосылды.

Облыс ауыл шаруашылығы ұйымдарының саны бойынша Қостанай және Павлодар облыстарынан озып, алғашқы бестіктің қатарына кіреді. Өңірде 2021 жылы агроөнеркәсіптік кешеннің 28 жаңа жобасы іске қосылды. Тіпті кейінгі жағдайда да өңір ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің 4%-ға өскенін көрсетіп, өткен жылдың оптимистік қорытындысын алды.

Жұмыссыздық деңгейінің төмендігі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жоғары қарқынын байқатады. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ды құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 1,7%-ға төмен. Аталған көрсеткіш бойынша өңір республика астанасы мен Қарағанды облысынан кейін екінші орында. Жұмыссыздықпен күрестегі жетістіктер 2021 жылы 27 мың адамның жұмысқа орналасуымен байланысты болды.

(Соңы 2-бетте)

● АМАНАТ

Тапсырмалар мүлтіксіз орындалады

Мемлекет басшысы, партия Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Nur Otan партиясының кезектен тыс XXII съезінде берген тапсырмалары аясында партияны қайта жаңғыртудың негізгі бағыттарын талқылауға және жүзеге асыруды ұйымдастыруға арналған партия активінің отырысы өтті.

Актив отырысына Amanat партиясы Шығыс Қазақстан облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Даниал Ахметов, партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Олег Чугунков, саяси кеңес, бюро мүшелері, облыстық мәслихат депутаттары, мәслихат хатшылары, аумақтық филиалдардың төрағалары мен бірінші орынбасарлары және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

– Партия Төрағасы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қойылған барлық міндеттерді барынша қысқа мерзімде орындауды тапсырғаны белгілі. Amanat – бұл парасатты мағынадағы ортақ партия, әділдік партиясы, халық бірлігі партиясы, алға қарай нық қадам басудың партиясы, халықтың пікірін, ұсынысын тыңдайтын және азаматтарымыздың мүддесі үшін әрекет ететін партия. Біз, Шығыс Қазақстан облысындағы партия мүшелері, Президент берген тапсырмалар мен алға қойылған міндеттерді орындау үшін бар күш жігерімізді саламыз, – деді жиында Даниал Ахметов.

Сонымен қатар облыстық филиал төрағасы партияның облыстық және аумақтық филиалдарына және облыстық мәслихат хатшысы мен депутаттарға партия жұмысын жүйелі жаңғырту бойынша бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Д.Қасенов

● СӘТІ КЕЛГЕН СҰХБАТ

Шығыс – шекаралық аудандарды дамытуға бағдарлама қабылдаған бірден-бір өңір

Парламент Мәжілісінің депутаты, Президент жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Ерлан Сайыров жақында Шығысқа іссапармен келіп, қайтқаны белгілі. Депутатқа көкейімізде жүрген сауалдарымызды қойған едік.



– Ерлан Бияхметұлы, Сіздің келгеніңізді әлеуметтік желідегі жазбаңыздан оқыған шығысқазақстандықтар бұл сапардан үлкен үміт күтті, қордаланған әлеуметтік мәселелерді де сол жерде тікелей көтеріп жатты. Тұрғындар мазалаған сауалдарына мардымды жауап алды ма? Осы сапарыңызды аз-кем салмақтап өтсеңіз.

– Ең бірінші, біз Семей қаласындағы М.Әуезов атындағы педагогикалық колледждің студенттерімен және оқытушыларымен кездестік. Бұл білім ордасының тарихи маңызы өте үлкен, себебі осында өткен ғасырдың 20-шы жылдарында Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан секілді

қайталанбас тұлғалар оқыған. Осы үш азамат XX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының, Қазақстан халқының қайта құрылуына үлкен үлес қосты. Қаныш ағамыз Қазақстанның бүгінге дейін игілігін көріп отырған жерасты қазба байлықтарын тауып, ашып кетсе, Мұхтар ағамыз өзінің өшпес шығармасы арқылы қазақ халқын, оның ішкі дүниесін, дархан да кең пейілін әлемге танытып кетті. Ал Әлкей Марғұлан ағамыз – қазақтың Алтын Орда, түркі кезеңіндегі бүкіл тарихын жинап, түгендеп берген азаматымыз. Сондықтан бұл оқу орнының қазақ үшін мәні ерекше. Кездесуде байқағаным, жастардың саяси ойлауы, өмірге деген көзқарасы өте жақсы және болашақта

үлкен үміт күттіреді.

– Шекаралық аудандардан кезек күттірмейтін қандай мәселелерді байқадыңыз?

– Шығыс Қазақстанның шекаралық оңтүстік аудандары – Тарбағатай, Зайсан, Күршім және Катонқарағай аудандары. Біз бұл сапарда тек аудан орталықтарында ғана емес, шекараның түбінде орналасқан Асусай, Жалаңаш секілді көптеген шеткері аймақтарда болдық. Тарбағатайдың бұрынғы аудан орталығы Ақжар ауылында үлкен жиналыс өткіздік. Ол жақтағы ағайынның ең үлкен мәселесі – сол шекаралық аудандардың тағдыры, яғни шекаралық аудандардың қайта ашылуы. Білесіздер, 1997 жылы бұл шекаралық аудандар жабылған. Сол кезде бюджетті үнемдейміз, аудандар экономикасын басқаша қарастырамыз деген ойлар болды. Өкінішке қарай, солардың біреуі де іске асқан жоқ. Уақыт бүгінгі таңда Үкіметтің сол шешімі өте қате болғанын көрсетті. Аудандар жабылғасын халық үдере көшті, экономика тұралады. Жоғарыда аталған аудандардан 1995 жылмен салыстырғанда 55-60 пайыз жергілікті халық көшіп кеткен. Ал шекаралық аймақтан халықтың көшуі – еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне кері әсер ететіні белгілі. Сондықтан ауылдағы ағайынмен кездесулерде осы мәселе жан-жақты қарастырылып, талқыланды. Өздеріңізге белгілі, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев республиканың шекаралық аудандарын дамыту жөнінде Үкіметке тапсырма жүктеген болатын. Ол қазір әртүрлі мемлекеттік органдармен бірлесіп жасалып жатыр.

(Соңы 2-бетте)

Мерекелеріңізбен, ардақты аналар, қылбатты қыз-келіншектер!



DIDAR

SHYǴYS QAZAQSTAN OBLYSTYQ GAZETI

№26-27 (18187-188) ● 5 НАУРЫЗ ● 2022 ЖЫЛ ● СЕНБІ ● WWW.DIDAR-GAZETI.KZ ● 1931 ЖЫЛДЫҢ 24 ҚАЗАНЫНАН ШЫҒАДЫ

● ҚҰТТЫҚТАУ

КӨКТЕМНІҢ ШУАҚТЫ МЕРЕКЕСІ

Ардақты аналар, қадірлі қыз-келіншектер!

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

8 наурыз мейірімділік пен үйлесімділіктің, әдеміліктің символы іспеттес. Көктемнің бұл күні жылулық пен махаббатқа, отбасының ұйытқысы, шаңырақтың шырайы саналатын нәзік жандарға, өмірімізге шаттық сыйлап жүрген баршаларыңызға деген ризашылық сезімге толы.

Бүгінгі таңда адамзаттың әдемі жартысы – әйелдер қауымы қоғам өмірінде маңызды рөл атқаруда. Олар өздерінің кәсіби міндеттерін мінсіз орындап, спортта, ғылымда, мәдениет пен саясатта елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, қайырымдылық және волонтерлік қызметпен айналысып, өздерінің азаматтық ұстанымын белсенді қорғауда және халықаралық алаңдарда еліміз бен өңірімізді лайықты танытып келеді.

Осынау мереке күні баршаңызға әлемді жақсарту жолында атқарып жүрген ерен істеріңіз үшін, еңбексүйгіштік, даналық пен қамқорлықтарыңыз үшін алғыс білдірім келеді. Сіздерге және жақындарыңызға мықты денсаулық, баянды бақыт және ырыс-береке тілеймін!

Даниал Ахметов,
Шығыс Қазақстан
облысының әкімі



Көзін тапқан кәсіптің...

Хасен ЗӘКӘРИЯ

Күршімнің дәл орталығынан орын тепкен «Жансая» дүкенін осы маңдағы жұрт ең көп қатынайтын сауда нүктесі деп айтуға әбден болады.

Дүкен иесі Жанна Рахатованың мамандығы – математика және информатика пәнінің мұғалімі. Ол Шығыс Қазақстан техникалық университетін бітірген соң Өскемендегі №1 орта мектепте математикадан сабақ та берген болатын.

Ол кездегі жағдай түсінікті, ұстаздар қауымы бірнеше ай бойы еңбекқақы ала алмай, тығырыққа тірелді. Бала-шағаның жағдайы нашарлап, шын мәнінде кісе киімге, ішсе тамаққа жарымайтын күндер туды. Біраз ойланып, оң-солын болжап алған соң Жанна бір шешімге келіп, тәуекелге бел буды. Сол тұстағы нағыз

кәсіп болатын мамандық саудамен айналысу еді. Жанна да осы салаға ауысып, бағын сынап көрмек болды.

– Басында ұсақ-түйек саудамен айналыстым, – дейді Жанна Сейітбекқызы қысыла жымып. – Бұл 1995 жыл болатын. Бір жылдан кейін туған ауылым Күршімге қайтып келдім. Алдымен базарда тұрдым, суықта дірдектеп көшеде тұрғанның оңай емес екені белгілі, біраздан кейін шағын дүңгіршек жалдап, саудамды сонда жалғастырдым.

Жанна бұдан кейін де бірнеше рет орын ауыстырғанын айтады. Дегенмен, қайсар да

еңбекқор жанның жолы болды, саудасы жүріп, қаржысы молая бастады. Ақырында қазіргі дүкендеріне лайық деп тапқан үйді сатып алып, күрделі жөндеу жасады. Осыдан кейін жалғыз қыздары Жансаяның есімімен аталған дүкенде сауда қайнап жүре берді.

– Үлкен дүкен ашып, қаладан тауар жеткізуде жолдасым Есболатпен қатар марқұм әкем көп көмек көрсетті, – дейді Жанна. – Өзінің жекеменшік көлігімен шапқылап, тауар тасымалдап, маған барынша қолдау жасады. Өмірден түйгені көп, тәжірибелі адам ақыл-кеңесін де аяған жоқ, қандай жағдайда не істеу керек екенін ұлағымызға үзбей құюмен болды. Өкінішке қарай, ол кісі осыдан біраз уақыт бұрын дүние салды.

(Соңы 3-бетте)

● ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Алдымызда зор мақсаттар тұр

Жалпы, «аманат» деген – біздің халқымыз үшін бір киелі ұғым. «Аманат арқалау», «Аманаттан аттап кетуге болмайды!», «Аманат – ардың ісі!» деген қастерлі сөздер бар. Қазақ халқына киелі болған осындай атаудың еліміздің бас партиясына берілуі өте орынды.

Жалпы, партияны жаңғыртпай, партияны қайта құрмай жаңа Қазақстанды құру мүмкін емес. Барша қазақстандықтар осындай ойда деп білемін. Сондықтан біздің алдымызда үлкен міндеттер мен қыуар шаруа тұр. Жаңадан атау алып жатқан партия барлық реформаларға ұйытқы бола біліп, елдің, тұтас халықтың аманатын арқалай білуі тиіс деп білемін өз басым. Қайта жаңғырған Amanat партиясының төрағасы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев партияның кезектен тыс съезінде сөйлеген сөзінде бұл туралы айтып өтті. Әрине, партияның аты өзгергенмен, мәселе шешілмейді. Партия жұмысына жүргізілген сараптама барысында көптеген мәселелерге түбегейлі өзгеріс қажет екен. Сондай-ақ қаңтар оқиғасынан кейін саяси институттарды қайта жаңғыртып жатқан Президентіміз партияны да трансформациялауды қолға алып отыр. Иә, шындығында, өзгерістер орталық аппараттан басталуы керек. Бастысы, халықтың муң-мұқтажы мен мәселелері бірінші орынға қойылуы тиіс. Сонда ғана халық пен партия біртұтас болып, елдің муң-мұқтажы мен проблемаларын шешуге жол таба алады.

«...Сондықтан орталық аппараттың филиалдармен және бастауыш партиялық ұйымдармен өзара іс-қимыл әдістерін толығымен қайта қарау қажет. Бюрократиямен қағазбастылықтан үзілді-кесілді бас тарту керек. Аймақтық филиалдар мен бастауыш ұйымдары сайлаушылармен өздігінен жұмыс істей алады және жұмыс істеуге міндетті. Орталық аппарат нұсқаушылық және «қолмен» басқару тәжірибесінен арылуға тиіс. Бұл – аса маңызды міндет. Фракциялар депутаттық сауалдармен шектеліп қалмай, парламенттік және қоғамдық талқылаулар мен ашық пікір-сайыстарға баруға тиіс. Керек болса, Үкімет мүшелері мен әкімдерге сенім мәселесін көтеру қажет. Барлық деңгейдегі партия депутаттарының рейтингіні алдын ала дайындалған есептерге емес, нақты істер мен азаматтардың мәселелерін шешуге негізделуі керек», – деді Мемлекет басшысы. Сондай-ақ Президент бүгінгі күні геосаяси ахуал еліміздің экономикасына кері әсер етіп жатқандығын, оған қарсы тұру үшін партияға артылар жүктің ауыр екендігін тілге тиек етті. Алып-қосар жоқ. Еліміздің өркендеп дамуы жолында Аманат партиясының атқарар істері зор болмақ.

Әсет Карменов,

Аягөз спорт мектебінің жаттықтырушысы

Шығыс Қазақстанда балаларды оңалту мақсатына 4,5 миллиард теңге жұмсалады. Бұл туралы облысымыздағы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының басшысы Ғалымжан Әбілов мәлім етті.

Белгілі болғандай, Шығыс Қазақстанда 2021 жылдың қорытындысы бойынша алты мыңнан астам бала оңалту көмегін алған екен. Ал 2022 жылы балаларды медициналық оңалту қызметтерімен қамтуды ұлғайтуға және олардың қолжетімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар күшейтілмек. Ғ.Әбіловтің мәліметіне сенсек, аталмыш мақсатқа 4,5 миллиард теңге бөлінуі тиіс.

– Мәселен, жуықта Семей қаласының перинаталдық орталығы ба-

засында балаларды оңалту және ерте араласу орталығы ашылады. Бұл орталық жылына шамамен 600-700 балаға көмек көрсетеді деп жоспарлануда, – дейді ӘМСҚ филиалының директоры Ғалымжан Әбілов.

Оның айтуынша, қорда 18 жасқа дейінгі барлық бала мемлекет есебінен сақтандырылған екен. Жеткіншектер УДЗ, рентген, КТ, МРТ мен ЭКГ сияқты басқа да консультациялық-диагностикалық қызметтерді тегін ала алады.

Тұрғын үйді жалдап тұратын тұрмысы төмен отбасылардың ай сайынғы жалдау ақысының 50 пайызын мемлекет өз мойнына алатын жаңа бағдарлама іске қосылады.

Бұл туралы Глубокое ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Елдар Ыдырышев хабарлады. Бүгінгі күні тұрғын үйдің бірінші кезектегі мәселе екенін алға тартқан ол Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, аталмыш бағдарламаның биылғы жылдың бесінші сәуірінен бастап іске қосылатынын атап өтті.

– Аталмыш бағдарламаға қатысу үшін электронды цифрлық қол-

таңба болуы қажет. Аталмыш қолтаңба арқылы «Электронды үкімет» веб-порталы арқылы азаматтар өтініш қалдыра алады, – деді Елдар Ыдырышев.

Айта кетсек, аталған бағдарламаға әлеуметтік жағынан аз қамтылған, көпбалалы отбасылар мен жетім балалар санатындағы азаматтар қатыса алады. Ал тұрғын үйді ай сайынғы жалдау шығынына 50 пайыздық жеңілдікті алу үшін отбасы мүшелерінің табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болуы қажет.

Бесқарағай ауданының бір ауылдық округінде төрт түлікті көктемгі ветеринарлық өңдеу шаралары басталды.

Ветеринарлық қауіпсіздік адам денсаулығын сақтаудағы маңызды фактордың бірі екені белгілі. Сондықтан төрт түлікті ветеринарлық залалсыздандыру бірінші кезектегі мәселе. Осыған орай, қазіргі уақытта өңіріміздің кейбір аудан, қалаларында ауыл шаруашылығы жануарларының ветеринарлық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүргізіле бастады. Осындай шаралардың бірі жақында Бесқарағай ауданына қарасты Қарабас ауылдық округінде қолға алынды.

Аудан әкімдігінің хабарлауынша, мұнда биылғы жылдың жиырма бірінші ақпанынан ауылшаруашылық жануарларын жоспарлы көктемгі ветеринарлық өңдеу жұмыстары басталған көрінеді. Қазіргі уақытта ауылдық округтің білікті ветеринар мамандармен толықтай қамтамасыз етілгенін алға тартқан жергілікті басшылық округ тұрғындарының да өз меншіктеріндегі малдарын ветеринарлық өңдеуден өткізуге ерекше құлшыныс танытып отырғанын атап өтті.

Айзере Сұлтан

«Көңілдің жер тарпиды арғымағы...»

Ақпанның жиырма төрті күні аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Мағжан Жұмабаев атындағы жастар сыйлығының иегері, ақын Гүлманат Әуелханның поэзия кеші өтті. Қазақстанның жастары арасында поэзия әлемінде өзінің сағындырып барып қауыштыратын сақа туындыларымен, қорғасындай салмақты жырларымен елді елең еткізіп келе жатқан Гүлманаттың жыр кешіне жан–жақтан келген ақындар шоғыры көп болды.

Өскеменнен Қазақстан Жазушылар одағының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының директоры, жазушы Әлібек Қаңтарбаев бастаған, ақын қыздар Бақытжан Райысова, Мағжан Жұмабаев атындағы сыйлықтың иегері Ілия Карімқызы, Дана Исағұл, Абай ауданынан егіз қыз – жас ақындар Ақгүл, Аққу Әрімбековалар, ақын, Қазақстан ұлттық арнасының облыстағы меншікті тілшісі Олжас Керейхан, ақын, тәуелсіз журналист Мұратхан Кенжехан, 2018 жылғы Ырғызбай Досханаулы атындағы халықаралық айтыстың бас жүлдегері, белгілі айтыс ақыны Серік Қуанған, Курчатов қаласынан Түркі әлемі жазушылар одағының мүшесі, Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы халықаралық әдеби сыйлығының иегері, журна­лист, ақын-жазушы Қайрат Ахмерұлы, Семейден алқалы ақындар шоғырын бастап Қазақстан Жазушылар одағы Семей қалалық бөлімшесінің басшысы, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері, ақын Мерей Қарт, ақын қызымыз Мақпал Маратқызы, ақындар Бауыржан Игілік пен Жақсылық Асқарбековтер келсе, Тарбағатайдың өзінен Серік Жұматов, Ақжардан Бақытбек Әрімбеков бастаған ақындар мен өнер иелері қатысты.

Хас жүйрік қалың жылқының арасынан бойын жасырған сайын ашыла түсетін табиғаттың бір тентек заңы бар. Гүлманат Әуелханды Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының

төрағасы Ұлықбек Есдәулеттің де арнайы құттықтап, жазушы Нұрдаулет Ақыштың ақын шығармашылығы туралы айтқан жақсы пікірі де қазақ өлеңін құрметтейтін алқалы топтың назарын аударғанын байқатады. Аудан әкімінің орынбасары Е.Сабырбаев кеш иесіне аудан басшысының құттықтау хатын жеткізді. Ертеңгісін осы ақындар жұптарын жазбай К.Нұрбаев орта мектебінде оқушылармен кездесу өткізді. Мектептің директоры Е.Абсәлямов ақындарды қарсы алып, осындай кездесудің ұрпақ тәрбиесінде мәні зор екендігін айтты. Мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәні бірлестігі, Гүлманат Әуелханның әдебиетті тереңдете оқытуға арналған қосымша білім беру педагогтары ұйымдастырған әдеби кеште оқушылар келген ақындардың өлеңдерін оқып беріп, М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан сахналық көрініс қойды.

«Табиан ата жұртқа тірегенде, Жырымен жетіп жатыр тілегі елге. Жастығында жинақ болған «Жүз өлеңі»,

Айналды, міне, қазір мың өлеңге. Көмейінен төгілер есіліп жыр, Аралап алты алашты есімі жұр.

Ағайын қошеметтел қол соғайық, Аяулы ақын қыздың кеші бүгін!» – деп басталған ақын қыздың кеші басынан аяғына дейін көп-көсір жыр жаңбырындай болып өтті. «Айтып

өткен ақын­да арман бар ма?» дегенді, сахнаға Гүлманатты құттықтауға келген жыр сүйеліері көмейлері бүлкілдеп ар­нау жырларын, өлеңдерін оқып, ақын қызды құрметтеп жатқан Тарбағатайға алғыс жаудырды.

Гүлманат Әуелханды бекерге мойындап отырғанымыз жоқ. Әкесі Әуелхан Түсіпбайұлы Қытай Халық Республикасы Шыңжаң Жазушылар одағының және фольклор зерттеу қоғамының мүшесі, ұстаздық еткен кісі болса, атасы, халық жазушысы Айтан Омарғазы – Қытай мемлекеттік сыйлығының иегері, ал нағашысы, дәулескер күйші Бейісбай Шабанбайұлы – қазақтың күй өнеріне мол үлес қосқан адам, «Шыңырау» күйінің авторы. Яғни қазақтың рухани әлемінің марқасқаларынан туған Гүлманаттың ақын болып тууы заңды дүние екен.

Қазақ өлеңінің тағдырын се­ніп тапсыруға болатын Гүлманат Әуелхан 1979 жылы ҚХР-дың Тарбағатай аймағы, Толы ауданында дүниеге келген. 2004 жылы атажұртқа оралған. «Жас толқын», «Қош­тасқым келмейді», «Алатау жырлайды», «Сезім тамшылары» жыр жинақтарына және «Қазақ поэзиясының антологиясы-на» жырлары енген. Республикалық бірнеше жыр мүшәйрасының жүлдегері. 2006 жылы «Қайнар» университетінде өткізілген республикалық жас ақындардың жыр мүшәйрасының және 2007 жылы «Үн» журналының ұйымдастырған «Ақыл Үлімжі және ұлттық рух» атты халықаралық жыр мүшәйрасының бас жүлдесін алған. Халықаралық «Шабыт» фести­валінің дипломаты. «Жүз өлең», «Өң мен түс» атты жыр жинақтарының авторы. Гүлманат Әуелхан алғашқы еңбек



жолын 2004 жылы республикалық «Үн» журналында тілші болып бастап, Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті газетінде және республикалық «Сын» журналында қызмет атқарған. Отбасы жағдайына байланысты Ақсуатқа келіп содан бері аудан орталығындағы К.Нұрбаев орта мектебінде қосымша білім беру пе­дагогы, жасөспірімдердің ақындар мектебінің жетекшісі қызметін атқарады. Шығармашылық кеште ақынның сөзіне жазылған Е.Лұқпанұлының әні «Туған жер», «Мен сенің, әке,

өлімі» мен «Ер Оспанның рухы өр Ал­тайды кезіп жүр» поэтикалық өлеңін оқыған Ақсуат халық театрының өнерпаздары Қанат Жакилин мен Ела­ман Құжимановтың шығармашылық шеберлігіне көрермен ризашылықпен қол соқты.

Гүлманат ақын жырлары әлдебір топтардың немесе қауымның сойлыын соқпайды. Бірыңғай пафосқа беріліп төс те қақпайды. Ақынның жырла­ры өзімен-өзі. Кейде өзін заманнан бөтенсінуі, кейде көзге көрінбейтін, со­нау алыста қалған бұлдыр мекенін бала­ша сағынуы... ақынның тым тазалығын көрсетеді.

Рас, көрермен өнерге де, өлеңге де шөлдеп қалған екен. Ақын қыздың шығармашылық кешінде өлең сүйетін қауым поэзия нәрімен сусындады. Қазіргі таңда бізге рухани, тарихи тағылымдарымызды дәріптеу ауадай қажет болып отыр. Себебі ардан ақша, намыстан нан қымбат саналған, мынау алай-дүлей заманнан рухымыздың тынысы тарылғалы қашан. Қоғам азғасындағы иммунитетті күшейтетін де, бізге жан азық, дәрумен де халықтың ру­хын көтеретін де біздің әдебиет әлеміміз. Егер халық рухани азғындап, қоғамның құбыжығына айналса, ол әлбетте сол айнадағы өзінің кемтар келбетіне қарағысы келмейді. Әдебиеттегі жаңалықтарды оқымайтындарды со­лай елестетеміз. Міне, сондықтан да аяулы ана тіліміздің құдіретін паш ететін төл ақындарымыздың рухты өлеңдері ардайым жүрек тінде, пара­сат тұғырында болуы қажет.

Шәкен Көпшікбаева

Тарбағатай ауданы.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру тәртібі

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Ветеринариялық-санитариялық қорытынды кез- келген ветеринариялық саланың негізгі атқарылған жұмысының көрсеткіші ретінде қаралым тәртібі зор құжат болып табылады. Ветеринариялық заңнамаға сәйкес 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.01.2021 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен көрсетілген.

Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор және оның орынбасары бекіткен тізім негізінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытындыны (бұдан әрі– ветеринариялық-санитариялық қорытынды) береді.

Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері: “электрондық үкіметтің” веб-порталы www.egov.kz, www.elicense.kz (бұдан әрі - Портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ветеринариялық-санитариялық қорытынды немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту өтініш түскен күннен бастап 4 (төрт) жұмыс күні ішінде ресімделеді.

Ветеринариялық-санитариялық қорытынды алу үшін көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге өтініш және № 2-стандартта көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;
- меншік құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуын немесе жалдау шарты құқығындағы тиісті үй-жайлардың болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі;
- ЭУТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, ветеринариялық-санитариялық қорытынды бланкісінің төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы хабарлама не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама.

Аумақтық бөлімше кеңсесінің маманы келіп түскен сәттен бастап 30 (отыз) минут ішінде өтініш пен № 2 стандартта көрсетілген құжаттарды тіркеуді жүзеге асырады және жауапты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторды анықтау үшін аумақтық бөлімшенің басшысына жібереді.

Құжаттарды тапсырғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушының “жеке кабинетінде” мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор өтініш тіркелген кезден бастап 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор ББАЖ АЖ-ны пайдалана отырып, өтінішті одан әрі қараудан уәжді бас тарту береді және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының “жеке кабинетіне” хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор өтініш түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде объектіге инспекциялауды жүргізеді.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор:

- объектіні зерттеп–қарауға дейін барып бақылау мен қадағалау жүргізу туралы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің құқықтық статистика және арнайы есепке алу ор­гандарын хабарландырады;
- объектіні зерттеп–қарауды жүзеге асырады;
- объектінің ұсынылған құжаттарға сәйкестігін тексереді;
- объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға, Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға және “Жануарларды өсіруді, өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/498 бұйрығымен, “Жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (жануарларды сою), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 7-1/832 бұйрығымен, “Ветеринариялық препараттарды, жемішпен пен жемішпен қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 7-1/848 бұйрығымен бекітілген талаптарға сәйкестігін тексереді;
- 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 152-бабына сәйкес тексеру нәтижелері туралы ақт жасайды.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 4) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы ЭЦҚ-сы қойылған ветеринариялық-санитариялық қорытындыны не осы Қағидаларға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды ресімдейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту, ветеринариялық-санитариялық қорытындының дайын екендігі туралы хабарлама мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының “жеке кабинетіне” мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жолданады.

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде дайындалған ветеринариялық-санитариялық қорытындыны аумақтық бөлімшесінің кеңсесіне береді.

Аумақтық бөлімшенің кеңсесі ветеринариялық-санитариялық қорытындыны тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді.

ҚР АШМ ВБЖҚК Зайсан аудандық аумақтық инспекциясы

Өскемен қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлардың бағаларына мониторинг жүргізу туралы

Қазіргі уақытта Өскемен қаласында Nur Otan партиясының өкілдерінен, қалалық мәслихат депутаттарынан және қоғам өкілдерінен тұратын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдердің бағаларына мониторинг жүргізу бойынша **11 топ** жұмыстарын жалғастыруда. Мониторингтік іс-шаралар барысында дүкен иелерімен әлеуметтік өнімге сауда үстемесінің мөлшерін сақтау, **өндірушінің босату бағасына не-месе көтерме жеткізушінің сатып алу бағасына 15%-нан аспауы** бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар тұрғындарды ақпараттандыру үшін ағымдағы жылдың 3 наурыз жағдайы бойынша Өскемен қаласының аумағында өнімдердің әлеуметтік түрлеріне қалыптасқан орташа көтерме бағаларды жариялаймыз.

P/с №	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	2022 жылдың 3 наурыздағы орташа көтерме бағасы, кәсіпорындардың орналасқан жерінен сатып алғанда (көлік шығындары мен сатып алу көлемдерін есепке алмағанда), теңгемен
1	Бірінші сортты бидай ұны	кг	150
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	кг	180
3	Рожки (өлшеніп салынатын)	кг	275
4	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын)	кг	500
5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	кг	248
6	Картоп	кг	190
7	Асханалық сәбіз	кг	180
8	Басты пияз	кг	110
9	Ақ қауанды қырыққабат	кг	345
10	Ақ қант — құмшекер	кг	350
11	Күнобағыс майы*	л	700
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	кг	2100
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	кг	980
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада	л	314
15	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада	л	390
16	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	кг	3458
17	Тауық жұмыртқасы (І санатты)	ондық	300
18	Ас тұзы («Экстра» -дан басқа)	кг	60
19	Сүзбе: майлылығы 5%	кг	1588

- * халық арасында үлкен сұранысқа ие «Заречное» маркасының жергілікті өндірушісі
- * тұрғындар арасында жергілікті өндірушісі «Заречное» маркасының өнімі үлкен сұранысқа ие

Аталған бағалар орташа болып табылады және әртүрлі көтерме сатушылар және өндірушілер тауарларының құнын ескере отырып қалыптасқанына ескере кетеміз. Алай-да, тауарды сатып алу кезінде, сатып алу бағасы көрсетілген **тауар–ілеспе құжатқа** назар аударып өнімге 15% - дан аспайтын үстеме қолданылуы тиіс екендігіне назар аудару қажет. Аталған мөлшерден асып кеткен жағдайда, сатып алушы дүкеннің атауын (ЖҚ/ЖШС), мекенжайын, ЖСН/БСН, сатып алу күніндегі тауардың бағасын көрсеткен өтінішпен қала әкімдігіне жүгінуге құқылы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылғы 15 сәуірде сағат 15.00–де Ұлан ауданының Тарғын ауылындағы Кайсенов көшесіндегі 29–үй Мәдениет үйінің ғимаратында ГДК Альянс ЖШС Шыбынды алтын кен орны объектісі бойынша тау–кен жұмыстары жоспары жобасына әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Қатысушыларды жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде 60 минут ішінде тіркеу.

Қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында онлайн режимінде өткізіледі. Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет https://us05web.zoom.us/j/4259079442?pwd=aXNDdDZlclSTAVUlRlR3hSHRTNlRpCENLZz09.

Конференция идентификаторы 425 907 9442.

Кіру коды 123456.

Тапсырыс беруші – «ГДК Альянс» ЖШС, 071600, ҚР, ШҚО, Ұлан ауданы, Тарғын ауылдық округі, Тарғын ауылы, 020 есептік орам, 434, ұялы телефоны: 8 (705) 263 9922 e-mail aliands.gdk@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші зертхана – Атмосфе, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Потанин көшесі, 35, телефоны: 8(7232) 76-70-39, 8 (777) 783 54 60, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган – ШҚО ӨКП және ӨБ ММ, телефон: 8(7232)25-72-06. Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған https://есорportal.kz / және ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz қоғамдық тыңдау бөлімінде.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2022 жылғы 17 наурыздан бастап ШҚО, Ұлан ауданындағы Шыбынды алтын кен орны объектісі бойынша жоо жоспары жобасы бойынша 10 жұмыс күні ішінде жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://есорportal.kz "жарияланған қоғамдық талқылаулар бөлімінде ескертулер мен ұсыныстар беру ушы.

Жобаға тапсырыс беруші – «ГДК Альянс» ЖШС, ШҚО, Ұлан ауданы, Тарғын ауылдық округі, Тарғын ауылы, 020-434 есептік орам, тел.: 8 7052639922.

Жергілікті атқарушы орган – ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы ММ, тел.: 87232 25-72-06.

Құрметті 6-сынып оқушылары!

«Дарынды балаларға арналған Жамбыл атындағы ОММГИ» 2022-2023 оқу жылына конкурстық негізде оқушылар қабылдайды.

Өтініштерді қабылдау 1 наурыздан 1 сәуір аралықтарында онлайн форматта qabyldau. daryn. kz сайтында өтеді. Іріктеу мерзімі 15-30 сәуір.

Қабылдау сынағы – 75 сұрақ:
- Математика және логика – 55 сұрақ;
- Оқу сауаттылығы – 10 сұрақ;
- Қазақстан тарихы – 10 сұрақ.
Сынаққа 120 минут беріледі.

Сұрақтар бойынша мына байланыс номеріне хабарласа аласыздар:
+7(7232)22-46-96;
+7-705-533-74-53 (WhatsApp)
Іріктелуге тіркеуден өткен оқушылар жіберіледі.

ТЫҢДАУ

25.04.2022 жылы, сағат 11.00–де Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Ертіс а.о., Уваров ауылы., Қазақстан көш., 9 келесі жоба бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізіледі:

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданында орналасқан Уваров кен орнының Солтүстік капталындағы кен орнында кірпіш саздауытын өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсер ету туралы есеп.

Карантинді узарту жағдайында бұл қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасындағы бейнеконференц байланыс арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/73511126719?pwd=bqLOgWe9vm9OKIkjNFK5P3gohurGa.1.

Конференция идентификаторы: 735 1112 6719.
Кіру коды: fz3Yрj.
Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 60 минут бұрын басталады.

Тапсырыс беруші – «ЕКМ COMPANY» ЖШС (БСН: 201040022748), ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, К. Сәтпаев даңғылы, 17/3.

Жобаны әзірлеуші – «ГРК «Бай-Су» ЖШС, Өскемен қаласы, Тоқтаров көшесі, 51-34, әл. пошта: baysu.too@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган – «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8(7232)25-72-06.

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те орналастырылған https://есорportal.kz / және ЖАО сайтында e-prigoda.gov.kz «қоғамдықтындау» бөлімінде.

Жоба материалдарымен қағаз түрінде Өскемен қаласы, Тоқтаров көшесі, 51-34, baysu.too@mail.ru. әл.пошта бойынша танысуға болады.

Мүдделі тұлғалардың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: a.eldarbekova@akimvko.gov.kz

ТЫҢДАУ

«АзияМетком» ЖШС ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қ., Посжб ауданы к-сі, 2 мекенжайында орналасқан «Түсті металдар